



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№22 (559)  
30 мамыр,  
2024 жыл

## БАЛА. МЕКТЕП. АТА-АНА: ҮШТІК ОДАҚТЫҢ БІРЛІГІ НЕГЕ ӘЛСІЗ?

Қай ақпаратты оқысаң да «өзекті мәселе» дегенді көзін шалады. Сонда оң шешімі табылған мәселенің аз болғаны ма? «Өзекті» ахуалға бойымыз үйренгені соншалық бұл жағдай бала тақырыбын да айналып өтпеді.

«Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» дейді Мағжан Жұмабаев. Қазақ халқы қашан да ұрпақ тәрбиесін ұлт болашағымен байланыстырып, сәби дүние есігін ашқан сәттен тұлға ретінде қалыптасуына мән берген. Ал бала тәрбиесіне салғырт қарайтын бүгінгі қоғам қашан оянады? Сөздік қордағы «өзекті мәселе» қашан жойылады?

«Ақ қағазға жазғанымыз» һәм «жазғанымыз» дұрыс па?

Білім шырағын жаққан ұстаз Ыбырай Алтынсариннің қысқа әңгімелері адамға ой салып, саналының тәрбиесін арттыратын күшке ие. Тақырыптың әлқиссасы ретінде «әке мен бала» әңгімесіне зер салайық.

Егіннен жаяу келе жатқан әке мен он жастағы баланың арасындағы диалог арқылы бала тәрбиесі айтылады. Жердегі бір тағаны алуға ерінген бала соңында әкесінің қолынан түскен шиені жеу үшін он шақты рет иіледі. Кейін әкесі тоқтап:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір рет иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір емес, он еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың, – деген еді.



2



## «Таңды таңға ұрып жырлайтын жырғаулар жоқ емес, тыңдаушылар жағы табыла бермейді...»

Қазақы тәрбие бойына дарыған адамның туған жерге елеңдеп тұратыны рас.

Елоралада білім алып, жырғаулар бәйгесінің алдын бермеген жас жыршылар Хасенхан Кішкенеє пен Арайлым Өмірбекова бүгінде Арал ауданындағы Ақбасты ауылында тұрады.

Бұл – талай талантты түлеткен ауыл. Араладағы ата қонысқа қайта оралса да өмір мен өнер табыстырған жұп үнемі рухани ізденіс үстінде жүреді. Республикалық байқауларда жеңімпаз атанып, ауыл балаларын дәстүрлі өнерге баулууда.

– Хасенхан, Арайлым, мыңжылдық мәдениет, ұлттық құндылықтың арқау жібін үзбей бүгінге жалғасаңдарыңды жұпсыздар. Домбыраның күмбірі, өзіндік үн, қазақы болмыстарыңызбен-ақ тыңдаған адамды елен еткізесіздер. Жыршылық – кез келгенге қона бермейтін өнер. Өздеріңіз тәлім-тәрбие алған орта, ауылдағы «өнеге мектебі» туралы айтып беріңіздерші. Бұл атадан балаға жалғасқан өнер ме?

Хасенхан: – Арал ауданындағы Ақбасты ауылында туып-өстім. Жырғаулық өнер атадан балаға жалғасты десек те болады, бабаларымыз терме, толғау, өсиеттерімен ауыл-аймаққа белгілі адамдар болған. Ал жыршылық өнер дарыған атамның інісі қазір арамдыда, ауылда тұрады. Өзімнің атам Құлдияз Келімбердіұлы көпшілікке белгілі «Аллаға мадақ» толғауының авторы. Өулеттегі жыршылық өнер туралы өнер иесі, ғалым Берік Жүсіпов ағамыз көп зерттеген болатын. Туындыларды арнайы жинақ етіп те шығарды. Өзім ауылда Қайсар Сералиевтен тәлім алсам, кейін Аралға барып, белгілі жырғау Айбек Тәңірбергеновтен үйренгенім көп болды. Кәсіби білім алу үшін алдымен Қазанға атындағы Қызылорда музыкалық колледжінде, кейін Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде оқыдым.

Арайлым: – Арал ауданындағы Аманөткел деген ауылда туып-өстім. Ол – Сыр сүлейі Нұртуған шайырдың дүниеге келген жері. Нұртуған жырғауға жиеншар болып келемін. 5-сыныпта ауылға Салтанат Қожахметова атты оқытушы келіп, мектепте алғаш рет домбыра үйірмесін ашты. Қолыма домбыра алып, көпшілік алдына шығуыма да сол Салтанат ұстазымыздың үлкен ықпалы болды. 9-сыныпты бітіргесін Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің колледжине қабылданып, Елмұра Жаңабегеновтен Арал, Қазалының жырғаулық мектебі бойынша дәріс алдым. Жырғаулық өнер нағашы жұртымынан бойыма дарыды десем болатын шығар. Елмұра Манасқызы да нағашы әпкем болып келеді.

5-бетте

## ЕЛ ЖАДЫНАН ӨШПЕЙТІН ЗҰЛМАТ

Елімізде 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Отанға қызмет етуді парыз санап, білімі мен күш-жігерін қазақ елінің дамуына арнаған ұлт жанашырларының жазықсыз жапа шегуі, миллиондаған кінәсіз тұрғынның аштыққа ұшырауы ел тарихындағы өте ауыр кезең.

Қазір айналамызда жантүршігерлік жағдайға бейқам қарайтын, аштықты сезінбеген, бір үзім нанның қадірін білмейтін жастар да кездеседі. Сондықтан өткен күнге шолу жасау, зұлмат жылдардың құрбанына айналған боздақтардың рухына тағзым ету міндетіміз.

XX ғасырдың бірінші жартысында болған саяси оқиғалар миллиондаған адамның өмірін қиғаны белгілі.

Деректерде жаппай ашаршылыққа 3 млн-ға жуық қазақстандық тап болғаны айтылады. 100 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мыңнан астам адам атылған. Бұл қасірет Сыр елін де айналып өткен жоқ.

Архив мәліметтеріне сүйенсек, тоталитарлық жүйе жүргізген саясат салдарынан облыс бойынша 4038 отбасы қуғынға ұшыраса, 1153 адам атылған.

3-бетте



БАСПАСӨЗ-2024

«Ақмешіт жастары» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу жүргізілуде. 6 айға жекелер, мекемелер үшін 2500 теңге

Көз тастаған келешек асқарына, Жазылыңыз «Ақмешіт жастарына».



## «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»:

### Қаржылық сауаттылық жобасы қалай жүзеге асуда?

Қаржылық білімнің аздығы мен халықтың берешегі – көптеген елдің, соның ішінде Қазақстанның арпалысып келе жатқан күрделі проблемасының бірі. Бүгінде еліміздің 85% халқының ұлттық банкке төленбеген берешегі бар. Сонымен қатар тұтынушылық несие өзінің рекордтық деңгейіне жетті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың уәкілеттілігі негізінде мәселені шешу үшін ауыр жағдайға тап болған және банкроттық жариялаған жандардың несие кешірілді. Десек те мемлекетке берешек жандардың қатары азаймай тұр. Осы мәселені қолға алып, қарызсыз қоғам қалыптастыруды мақсат еткен АМАНАТ партиясы Нalyк банкпен бірігіп, азаматтардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру

және жеке қаржыны басқаруына қолдау көрсету мақсатында «Қарызсыз қоғам» жобасын өткен жылдан бастап іске қосты. Бұл бағдарлама арқылы әрбір азамат қаржысын тиімді пайдаланып, экономикалық тұрақты қоғам құруға үлес қосады.

4





# БАЛА. МЕКТЕП. АТА-АНА: ҮШТІК ОДАҚТЫҢ БІРЛІГІ НЕГЕ ӘЛСІЗ?

**Басы 1-бетте.**

Сәби шыр етіп дүниеге келгеннен бастап оның тәрбиесінде ата-ананың ерекше орны бар. Алғашқы ұстазы, досы, ақылшысы, сырласы да – әке мен ана. Бауырмалдық, мейірімділіктен бастап үлкен өмірге қажетті дағдылардың бастауын бала шаңырағында көріп өседі. Сондықтан баламен сырласып, ойы мен идеясын, тіпті қалауын елеген абзал. Ес білмесе де көзін ашқаннан бастап көргенінің біршама бөлігі жадында сақталады. Не көрсетсек, не істесек, не айтсақ бала соны лезде қабылдайды. Бұл – заңдылық.

Бала жаны ақ қағаз тәрізді. Философ, жазушы Жан-Жак Руссо: «Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимакты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзін қалай тәрбиелесен, ол солай тәрбиеленеді», дейді.

Ал қазақ «бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген. Отбасындағы тәрбие мен тәрбие баланың қанат қағып, үлкен өмірге аяқ басуына әсер етпей қоймайды. Әрине, баланың жеке «мені», жауапкершілігі мен санасына да байланысты. Бірақ бұлар да – тәрбиенің жемісі.

Отбасындағы негізгі қағидаттардың бірі – баланың тіршілігін, іс-әрекетін ұйымдастыру. Күн тәртібі, сабақ үлгерімі, бос уақытын тиімді пайдалануына ата-ана қызығушылық танытып, атсалысу қажет. Баламды бақсам, сұрағанын берсем деп күні-түні жұмыс істейтін ата-аналардың өз ұл-қызымен сырласуға, тіпті әңгімелесуге уақыты тапшы яки мүлде жоқ. Әрине, мұндайда Абай Құнанбайұлының жетінші қара сөзіндегі екі баланың біреуі секілді ішсем, жесең, ұйықтасам екен дейтін тәтті құмарына бататын ұрпақ көбеймей қайтсін!?!

Ақ қағазға жақсылық пен кемел болашақты бейнелей алатын алғашқы ұстаз бола білгеніміз жөн. Ал сіз ата-ана ретінде жауапкершілікті сезінесіз бе?

## Алғашқы себеп – суицид

Әріге бетбұрмай, жасөспірімдерге ойысасқ. Тақырыпқа арқау болған бала тәрбиесін сөзге тиек еткенде мектеп қабырғасындағы хәлді айтпаққа болмайды. Былтыр елордадағы №10 мектептің ауласындағы футбол қақпасы құлап, оқушы мерт болды.

Мектептің негізгі функциясына тек білім беру емес, оқушылардың қауіпсіздігі және денсаулығына жауап беру жатады. «Ақмешіт жастарының» өткен жанында жазғы лагердегі олқылық пен бала өлімі туралы жаздық. Демалыс базасының салғырттығын айттық. Ал білім ордаларындағы жағдай да мез емес екен. Білім алып жүр деген аты ғана, нәтижесі қандай болмақ? Ең сорақысы мектеп ішіндегі «жазатайым» жағдайдан көз жұмған оқушылар көбейген.

Қазақстандағы 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер өлімінің бірінші себебі – суицид, екіншісі – көлік апаты екен. Суицид қасақана өз-өзіне өлім әрекетін жасау. Яғни, елдегі жастар өз өмірін қыршындан қиюға бейім. Бұған дәлел ретінде сандарды сөйлетсек: 2020 жылы 144 факт (307 әрекет), 2021 жыл 175 факт (373 әрекет), 2022 жыл 155 факт (309 әрекет) тіркелген. Өткен жылы Қазақстан Wisevoter есебінің деректері бойынша суицид статистикасында 178 елдің ішінде 19-орынға жайғасқан.

Суицид жасауға не итермелеуі мүмкін? Мұндайға көбіне әлеуметтік жағдайы төмен, ажырасқан отбасы, ата-анамен дұрыс емес қатынас, зорлық-зомбылық көру жағдайлары әсер етеді.

Осы жылы Сенатта өткен Үкімет сағатында «Демографиялық өсу – ұлттың стратегиялық артықшылығының негізі» тақырыбында Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының өкілі презентация жасады. Жиында өз-өзіне зиян келтіру мен суицидтік жоғары деңгейінің негізгі себептерінің бірі – психикалық денсаулық мәселелері екені айтылды. Қазір жасөспірімдер депрессиямен, жағымсыз эмоциялармен көп күреседі. Психикалық бұзылулардың 50%-ы 14 жастан, 75%-ы 24 жастан басталады екен.

Бұл мәселені зерттеу барысында 3 жыл ішінде балаларға жасалған зорлық-зомбылық фактілері туралы материалдарға зер салдық.

Қазақстанда 2020-2023 жыл аралығында 2 472 жыныстық қылмыс тіркелген. Былтыр 6 ай ішінде жыныстық қол сұғылмаушылыққа қатысты қылмыстардың ең көп саны Алматыда тіркелген. Алматыда – 51, Түркістанда – 43 және Қарағанды облысында 36 қылмыс анықталған. Бала қауіпсіздігін салғырттығы түрлі қылмыстың болуына, ал мұндай жағдай жасөспірім психикасының бұзылып, суицидке баруына итермелейді. Ашы шындық – осы.

## «Мектепке барғым келмейді...»

Буллинг туралы естіген боларсыз. Ағылшын тілінің «bully» сөзінен шыққан бұл сөз физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау әрекеттерін білдіреді. Дәлірек айтқанда, әлімжеттік.

Әлемде 150 миллион бала сыныптастар, құрдастары тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Ал Қазақстанда

әрбір бесінші жасөспірім – буллинктің құрбаны. Өкініштісі әлімжеттік балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында, «райондар» арасында жасалады. Қатарластарынан жөбір көргендер «тағдырыма жазғаны осы шығар» деп көнеді. Ата-анасы немесе ұстаздарынан көмек сұрай алмай, бар айтатыны «мектепке барғым келмейді» болады. Бірақ «ауруын жасырған өледі» демекші, айналадағы қысымнан шаршаған бала суицид жасауға мәжбүр болады. Қараңызшы, бір мәселе, алайда түрлі себептері бар.

## Буллинг тоқтамаса немесе «системаға» бағынбағандарға не болады?

Қақпаған қыс. Қызылорда Белкөл кенті. Үйдің кіреберісінен табылған 9-сынып оқушысының мәйіті.

Жамбыл облысы, Күмжота ауылы. Мектеп деретханасындағы қайғылы оқиға.

Мамыражай мамыр. Шиелі. Жоғары сыныптан зәбір көріп, қайтыс болған оқушы.

Бұл быыл болған бала өлімінің санаулысы. Бірін «системаға бағынбады» десе, бірін «сыйламады» деп тепкілеген. Мектепке білім алуға барған баланың ақшасын тартып алып, соққыға жығу жөнінде біздің өңірдің аты қайта-қайта айтылуда.

«Атың шықпаса жер өртеге» тойып алған бұзақылардың іс-әрекеті жақында тағы қайталанып Шиеліде 16 жастағы оқушы көз жұмды. Қайғылы оқиға 18 мамыр күні болған. 9 сынып оқушысы Ерасылдың мәйіті ауылдың шетіндегі стадион маңайынан табылған.

– Кәмелетке толмаған баланың қайтыс болу дерегі бойынша қылмыстық іс тіркеліп, тергеу жүргізіліп жатыр. Сараптамалар жасалады. Күдікті ретінде көмелетке толмаған екі бала ұсталып,

қамауға алынды. Оқиғаның мән-жайы анықталуда. Тергеу мүддесі үшін басқа ақпарат жария етілмейді. Іс Қызылорда облысы ПД бастығының бақылауында, – деді департаменттің баспасөз қызметі.



арқан. Жыл басында Сырдария ауданының Амангелді ауылында, наурыз айында Қызылорда қаласының Белкөл кентінде, кеше Шиелі ауданының Қомаманов ауылында болған бала өлімі ешкімді бей-жай қалдырмауы тиіс. Балалардың құқықбұзушылығынан бөлек, педагогтер арасынан да қылмыстық әрекетке барғандар шықты. Бұл – қаймағы бұзылмаған, қалың қазақ ұйысқан Сыр жұртшылығы үшін үлкен сын, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Шиелі ауданының әкімдігі, прокуратура, полиция бөлімі, білім бөлімі, ата-аналар комитетінің төрағалары, мектеп директорлары мен қызметкерлері рейд жұмыстарын жүргізді. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғастыны хабарланды.

Сонымен қатар, Нұржан Ахатов және аудан прокуроры Нұрбек Қаратаевтың қатысуымен құқық бұзушылық профилактикасы жөнінде мәжіліс өтті. Күн тәртібіне «Аудан көлеміндегі өсім алған және көмелетке толмағандардың қатысуымен орын алған қылмыстардың алдын алу шаралары», «Өсім алып отырған алаяқтық қылмыстарының алдын алу шаралары», «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және олардың жазғы демалысын ұйымдастыру шаралары» мәселелері қойылды.

## «Үштік одақ»: ынтимақта болуы қажет

Бірлескен жұмыста ғана нақты әрі оң нәтиже болары сөзсіз. Біздегі «үштік одақтың» бір жұлдырлықты біріге алмауы түрлі қақтығыс пен төбелеске жол ашатынын анық байқатты.

Мұндағы мәселе үш тараптың бөлінуінде. Ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесін мектеп мамандарына артып, жасөспірім оқушы «детская травмалары» айтып әлек, ал мұғалім көбіне сабағына презентация әзірлеп, құжаттармен жүреді.

Білім ордасында орын алған күрделі жайттардан кейін жаңалықтан оқытынымыз: «мектеп директоры, инспектор, сынып жетекші жұмыстан босатылды». Ал нәтиже немесе мәселенің нүктесі тек жұмыстан босатумен шектеле ме?

Ересектердің жауапкершіліктен жалтарып, баласының бұзықтығын мектеп басшылығына артып қоюы қате. Бірақ бұл ұстаздардың салғырттығын ақтамайтын ескерген жөн. Егер мұғалім оқушыға ата-ана рөлін сомдаса, сол ұстаздың үйдегі баласына кім бас-көз болмақ?

## «Z» қандай ұрпақ?

Салыстырып, сараптасақ кеше мен бүгінгі буынның әңгімесі де, мәдениеті де, сұранысы да өзгеше. 2000 жылға дейін және кейін дүниеге келгендердің өмірге көзқарасы әртүрлі. Себебі 1980-2000 жылдары туылғандар «Y», ал 2000-нан бергілер «Z» дәуірінің ұрпақтары. «X», «Y» туралы білеріміз көп, ал «Z» қандай?

Зедтерді «сандық ұрпақ», «цифр адам» деп атайды. Бұл жұмысқа келгенде кірпіз, ішкі «мені» қалыптасқан, амбицияға толы, икемді келеді. Жанашылдыққа ашық, ойын еркін жеткізе алатын әрі өзгерістен қорықпайтыны тағы бар. Жандану үдерісінде бәсекеге қабілетті маман бола алады. Бұл сөзсіз. Ал келесідей ерекшеліктеріне не дейміз?

Қазіргі жасөспірімдерде шектеу жоқ. Бұл тек жұмыс немесе креатив ойлауға ғана емес, тәрбиеге де әсер етуде. «Болмайды» дегенге қарайлайтын бала аз. Осы орайда 15 жылдық еңбек өтіліміз бар психолог-мамандар Назира Аймахановқа хабарластық.

– Бала психологиясы туралы сөз бастағанда тоқтау мүмкін емес. Қоғамда «X», «Y», «Z» ұрпақтар туралы айтылады. Әр дәуірдің баласы өзгеше. Бүгінгі балалар дамуды қалайды. Өзгелермен салыстырма қажет. Бұйырып сөйлегенді ұнатпайды. «Сен» емес, «біз» дегенді көп айту қажет. Ата-аналардың басты қателігі балаға өзінен үлкен жүкті арқалатып, міндеттейді. Бала балалық шақтың дәмін сезінуі қажет. Олармен дос ретінде сөйлесіп, сырласып, ойын бағалаңыз. Баламен жақын боламын десеңіз, оның деңгейіне түсе біліңіз. Бүгінгі бала біздің ұстазымыз. Жастардан біздің үйренеріміз көп. Бастысы жаңа ұрпақ екен деп те босатуға болмайды, – деді психолог.

Өзекті мәселе айқындалды. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасу жолында тәлім-тәрбие алғашқы баспалдақ рөл атқарады. Бұл баспалдаққа жауапты – ата-ана. Нәліктен буллингі, суицид тақырыбына тоқталдық? Себебі мұндай мәселеде ата-ананың жауапкершілігі немесе баламен қарым-қатынасы маңызды. Біреуге жөбір көрсеткен бала өзі үйде зорлық-зомбылықтың құрбаны болуы мүмкін ғой. Бағыт беруде, баламен сөйлесуде дұрыс тәсіл тауып, тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, ата-ана мен мектеп бірлесіп, алынбайтын қамал жоқ.

Қорытынды ой тақырыптан-ақ айтылып тұр. Арасын нүкте ғана бөліп тұрған үш ұғым әрдайым бірге болуы тиіс. Бала мектептен ажыраса, сауаты сұйылып, ата-анадан ажыраса, жетімдік кешеді. Біздегі үштік одақтың оң нәтижесі үштіктің бірігуі мен байланысында жатыр. Қоғам қаперіне алатын дүние – осы.

Әлия ТӘЖІБАЙ

## Жұмысын тоқтатады

«Бикон» ОНҚ  
(БСН 230740035381)

өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады:  
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақтобе ауылы, Тұрымбет Салқынбайұлы көшесі 7 үй, байланыс тел.: 8 778 202 02 32.

## Бала қауіпсіздігі – басты назарда

Бала өмірінің қауіпсіздігі қашанда өте маңызды. Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесен, солай қалыптасады.

Ең алдымен ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек. Қазір күн сайын қалада автокөліктер саны артып, жол апаты көбеюде оқу орындарында жолда жүру ережесін түсіндіру жұмыстарын полиция мен білім беруші ұстаздар қаншалықты өткізсе де, келенсіз жағдайлар тиылмауда. Мұндай оқиғаларды болдырмас үшін ата-ана да балаға үнемі жолда жүру ережелерін ескертіп отыруы міндетті.

Дені сау, саналы ұрпақ – еліміздің болашағы.

Лязат АХМЕТОВА,  
Қызылорда қаласы Полиция басқармасы Ювеналды полиция бөлімшесі бастығының орынбасары



## АРХИВТЕГІ ДЕРЕК—

Тауқыметке толы  
жылдардың айғағыЕл жадынан  
өшпейтін  
зұлмат

## Басы 1-бетте

Анасы екі баласының бірін қасқырға қалдырып, ұлын аман алып қалатыны туралы бейнеклипті бөріміз көргеніміз рас. Тарихта шынымен болған оқиғаның кейіпкері – абайтанушы, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметов еді.

– И.Сталиннің дәуірінде түркі халықтарының басынан сұмдық қайғылы оқиғалар өтті. Ресей құрамындағы 47 түркі халқының көбі опат болды. Соның ішінде қазақтарға ерекше тиісті. Мен мұны өз көзіммен көрдім. Үш-төрт жаста едім. Шешеммен еріп базарға бара жатқанда жол бойы аштықтан бұратылып, ыңырысып жатқан, өліп жатқан адамдарды көрдім. Базардан қайтып келе жатыр едік, үлкен бір кісінің қарны жарқырап жатқанын байқадым. Шешем көзімді көлегейлеп жауып қалды. Сөйтсем, ол біздің Талғамбай дейтін туысқанымыз екен. Адамның қарны іседі екен де, көйлегін қалың қырып жіберетін болғаны ғой.

Сондай күндердің бірінде кешқұрым шешем, мен және қарындасым үшеуіміз жолға шықтық. Бір кезде үш қасқыр бізді қоршап алды. Шешем ұстаған таяғын сермеп, айқайлап жатыр. Қолында қарындасым бар. Мен қорыққанымнан шешемнің етегіне кіріп кеттім. Түз тағыларының көзі жарқырап тұрды. Бір сәт шешем мені арқалай салып, қаша жөнелді. Қасқырлар таласып жатқан кезде қарындасымның шынғырған дауысын естіп қалдым. Біз бір сайға барып тығылып, құтылып кеттік. Кейін барып қарасақ қарындасымның шашынан өзге ештеме қалмапты, – деген еді Мекемтас Мырзахметов.

Бұл уақытта қазақ халқы ашаршылық салдарынан материалдық тұрғыда шығындалып қана қойған жоқ, рухани қатты күйзеліске түсті.

Белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков 2020 жылы “Егемен Қазақстан” газетіне берген сұхбатында қазаққа төнген ашаршылықты ешбір адамзаттың басына тілемейтін жан түршігерлік, ғасыр қасіреті деп бағалауымыз керек дейді.

– Ашаршылықтың салдарынан қазақтың жартысына жуығы, яғни 49 пайызы жойылып кетті. 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан халықтың 30 пайызы қырылды.

Егер бұл қанқұйлы қасірет орнамағанда, қазақтың саны қазір 40 миллион болар еді. Бұл менің тарихи деректерді саралап айтқан жеке пайымым. Бұдан үлкен қандай қасірет бар? Өткен күнге зер салсақ, халқымыздың геосаяси орналасу кеңістігі үлкен империялардың ортасына түсіп әрқашан осындай қасіреттерге ұшыраған. Екі миллион халық қырылу деген оңай емес. Қазақ ашаршылықтың салдарынан өзінің рухани дәстүрлерінен, даму жолынан ажырады. 1928 жылдан бастап ірі байларды төркілеу басталғаннан кейін күштеп ұжымдастырудың негізінде зорлап отырықшыландыру белең алды. «Бай-құлақтарды жою» деген саясат пайда болды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін жаппай тартып алу, мал шаруашылығын күйрету, қуғын-сүргін бәрі қатар жүрді. 1937 жылы шілдеде «Социалистік меншікті қорғау» деп аталған қисынсыз заң шығып, қаншама азамат түрмеге тоғытылды. «Ауқатты шаруаларды тап ретінде жою» деп айдар тағылған бір ғана науқанда 200 мың адам жер аударылып, талайы сотталды. Осының бәрі қазақты әлеуметтік, саяси, рухани тұрғыдан да жаншылды. Енесің езді. Саяси қасірет дейтініміз, қазақ өзінің ұлттық мемлекет болам деген арманынан қол үзді. Алашордашылар осы арманның ең соңғы ұмтылушылары болды. Бұл тақырыпты осындай кең ауқымда қарастыруымыз керек.

Біз тек қана «қазақ жартысынан айырылып қалды», «ашаршылық болмаса бәрі бұлай болмайтын еді» деген сарындағы пікірлермен шектеліп қалмай, осынау қасіретті жылдар ұлттық тамырымыздан ажыратып, ділімізден жаңылдыра жаздағанын түйсінсек игі, – деді ғалым.

Бүгінде зерттеушілер елімізде болған саяси қуғын-сүргін мен ашаршылықтың түпкі себебін әлі де зерделеуде.

Өткен ғасырда кеңес үкіметінің орнауы, 1916 жылғы көтеріліспен басталған Қазан төңкерісі, ақ пен қызылдың қырғыны, ашаршылық, күштеп ұжымдастыру, көм-пескелеу, репрессия жұртшылықты әбден әлсіретіп, есенгіреткені рас. Оған қыркыншы жылдардағы екінші дүниежүзілік соғыстың қиындығын қосыңыз... Бұл жағдайға көбіне ғалымдардың көзімен қарап, олар сенімді деп тапқан деректерге сүйенетініміз де белгілі.

Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген айып тағылды.

– Кеңес үкіметі Сібір халықтарын репрессияға ұшыратты деген ұғым қалыптасқан. Бұл жерде кеңес үкіметі патшалық Ресейдің тәжірибесін әрі қарай жалғастырды деп айтсақ болады. Бір ғана мысал. 1920-1930 жылдары Қазақстанға бай-қулақ деген жаламен өзге елдерден 150 мыңнан аса адам депортацияланған екен.

Сол 30-жылдардың басында аштық қырғыны Қазақстан халқын біраз күйзеліске ұшыратып, санын азайтса, соғыс алдындағы репрессия, ұлттық интеллигенцияны жоқ қылды деуге болады. Ал басқа халықтарды күштеп Қазақстанға көшіру онсыз да киналып жатқан халықты одан сайын күйзеліске түсірді. Қоныс аударғандар негізінен ауылдарға көшірілгендіктен, ондағы этно-демографиялық жағдай, әсіресе бұрын қазақ ұлты ғана тұратын Оңтүстік Қазақстанның этно-демографиялық жағдайы күрт өзгерді, – дейді 2022 жылы өткен конференцияда тарих ғылымдарының кандидаты Айтжан Оразбақов.

Қызылордада 1998 жылы “Арай” шағын ауданында ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіш 1930-1940 жылдары саяси жазалау құрбандарының жерленген орнына орнатылған. Ескерткіштің авторы – архитектор Мәлік Сапарғалиев. Жыл сайын бұл жерде боздақтар рухына тағзым жасалады.

Қалай десек те, мың рет айтылып, мың рет жазылса да өткен ғасырдағы осынау кезенді ұмыту мүмкін емес. Сол жылдардан сыр тартатын статистика – жәй сан емес, түбінде ашы шындық, талайлы тағдырды көрсететін дерек бар. Ұрпақ алмасар, тарих әлі зерттелер. Біздің басты міндетіміз – білімге ұмтылу, бірлігімізге бекем болып, бейбіт күнді қадірлей алу.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

**Кеңес заманында қазақ халқы қорлық пен зорлықты бастан кешкені белгілі. Бұған архив қорындағы деректер де дәлел.**

1993 жылы елімізде жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң шықты. 1997 жылы ел тарихында «Татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп аталып өтті. Заң қабылданғаннан бері 31 мамыр – Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып белгіленді. Осы күннің ұлттық-тарихи маңыздылығын ескере отырып, «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ, «Қоғамдық-саяси тарихи архиві» филиалының қорындағы байларды төркілеу, ұжымдастыру науқаны, ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандары жайлы деректерді ел назарына ұсынуды жөн көрдік.

Қызылорда округіндегі БК(б)П қазақ өлкелік партия комитеті 1930 жылдың 10 наурызында ұжымдастыру науқаны бойынша анықтамалық кестесінде мынадай мәселелер қарастырған: қоғамдық – саяси маңызы бар слеттарға көпшілікті ұйымдастыру, батырақтар слетіне дайындық жұмысын күшейту, БК(б)П аудандық комитеттерге тұқым себуге қатысты машина сатып алу, дөңді – дақыл тасымалдаушыларымен келісімшартқа отыру, ауыл, колхоз, селолардағы жиналыста өндірістік жоспарларды нақтылау мәселелері көтерілген.

Өлкелік партия бюросының жиналысында Қызылорда, Қармақшы, Шиелі, Қазалы, Теренөзек аудандары партия комитетінің есебі тыңдалған. Аудандар жұмысына келсек, Қармақшы ауданында 1930 жылы 25 қаңтардан бастап егін егу компаниясымен ауылдар бойынша 73 рет жалпы жиналыс өткізілген. Оның ішінде тұқым қорларын бөлу сұрақтары, егіс егуді бақылау саны бойынша – 16, ұжымдастыруға – 31, жарна үлестеріне – 9, жинақ сомасына қатысты – 13, шикізат қалдықтарын жоюға қатысты 9 рет жиналыс ұйымдастырылған.

Кедей – батырақтардың ел ішіндегі көңіл-күйі, ішкі ахуалы тұрақты болған. Мысалы, байларға колхоздан кетуге үгіт жүргізу, байлардың арасында жасырын колхозды басқаруға қатысты жүргізілген жиналыстар және мал басын жою, жаппай сатылым секілді істері үшін №6 ауыл тұрғыны Жаппаспай Жүйіндіқовты сотқа берген ауылсоветтің бастамасымен өлкелік округ қатарынан шығарған. №6 ауылдық советтің председателін жұмыстан босатады. Мал басын жаппай қырып жойғаны және сатқаны үшін сотқа берген.

Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды еріксіз отырықшылыққа бейімдеу мақсатында колхозшы мамандарды даярлайтын курстар ұйымдастырылған. 25 кедей-батырақты колхоз шаруашылығы бойынша оқытып, 380 дана өртүрлі тұрмыстық зат жөндегендігі туралы ақпарат анықталып отыр.

Ел басына төнген төркілеу, егістік пен шабындық жерлерді бөлу қазақ ауылының жер мәселесін шешіп берудің орнына Қазақстан шаруаларының әлеуметтік – экономикалық жағдайын одан сайын ауырлатқан науқан болды.

«Архив – тарих айнасы» деп бекер айтылмаған. Ұлтымыздың бірлігі бекем болу үшін тарих қойнауында жатқан, ұлт тағдырына қатысты мәліметтерге халықтың назарын аудару, ғылыми айналымға енгізу бүгінгі күннің талабы.

А.ҰЗАҚБАЕВА,

«Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» КММ-нің  
«Қоғамдық-саяси тарихи архиві» филиалының жоғары санатты  
архивисі

## Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 841 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мүқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де  
жылымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, «Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 04-03/734 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан жалпы көлемі 12000,0 (он екі мың) шаршы метр жер учаскелерін стадион құрылысына автотұрақ үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мүқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 30 тамыз болып белгіленсін.
3. Мемлекеттік немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңна мاسымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.
6. Осы қаулының орындауын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының  
әкімі

С. Қожаниязов

Қызылорда қаласы әкімдігінің  
2024 жылғы «28» мамырдағы  
№ 841 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Мемлекеттік немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты	құқық түрі
1	10-156-086-197	Таласова Ляззат Калымбековна Ибраев Еркін Ғажденбекович	2000,0	көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы үшін	ортақ бірлескен жеке меншік
2	10-156-086-217	«Интегрострой» ЖШС	1000,0	көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы үшін	жеке меншік
3	10-156-086-216	«Интегрострой» ЖШС	1000,0	көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы үшін	жеке меншік
4	10-156-086-190	Таласова Ляззат Калымбековна Ибраев Еркін Ғажденбекович	2000,0	көп пәтерлі тұрғын үй құрылысы үшін	ортақ бірлескен жеке меншік
5	10-156-086-137	Ибраева Пернекуль Алжановна	1000,0	ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін	уақытша жер пайдалану
6	10-156-086-143	Жеткергенова Карлыға	1000,0	ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін	жеке меншік
7	10-156-086-587	Ажжолов Бауыржан Алмасович	4000,0	спорт кешені құрылысы үшін	уақытша жер пайдалану
<b>Барлығы</b>			<b>12000,0</b>		



Басы 1-бетте

# «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»:

Қаржылық сауаттылық жобасы қалай жүзеге асуда?

## Жобаның мақсаты неде?

Қаладағы халық үшін ақшаны басқару курстары қолжетімді, алайда ауыл аймақтағы азаматтарға ақшаның құны, оның маңыздылығы мен басқару туралы ақпарат жеткіліксіз. Соның салдарынан елімізде лудомания, займ және несие алу мәселелері дендеп тұр. Ал «Қарызсыз қоғамның» көздегені – азаматтарды қаржылық жоспарлау, бюджеттеу және қарыздарды басқару негіздеріне оқыту. Бұл саладағы білім адамдарға қаржылық шешімдер қабылдауға және қажетсіз қарыздардан аулақ болуға көмектеседі. Жоба халық арасында берешек деңгейін төмендетуге бағытталған. Сондай-ақ қаржылық қиындықтарды жеңу және қарыз тұзақтарынан шығу жолдарын табуға көмектесетін тегін кеңес беру қызметін ұсынады.

## «Қарызсыз қоғам» қандай әдіс қолдану арқылы білім беруде?

Жобаның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – қаржылық білім беру бағдарламасы. Олар бірнеше әдіс бойынша жұмыс жасайды. Мәселен, тренинг-семинарлар. Қаржы сарапшылары қатысушыларға қаржылық жоспарлау, бюджеттеу және қарызды басқару негіздерін түсінуге көмектесетін түрлі оқу іс-шараларын өткізеді. Тренинг офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылады. Вебинар, яғни кең аудиторияға қолжетімді онлайн дәріс пен курс жеке қаржыны тиімді басқару, қарыздан аулақ болу және бюджетті жоспарлау туралы ақпарат береді. Сонымен қатар ақпараттық материалдарды да әзірлейді, олар жеке қаржыны басқару бойынша пайдалы кеңестермен қамтылған. Бұл материалдар баспа және электронды түрде қолжетімді.

«Қарызсыз қоғам» жобасы тегін консультативтік қызметтерді ұсынады. Оларға жеке кеңес беру, құқықтық мен психологиялық қолдау көрсету жатады. Жеке консультация арқылы мамандар азаматтарға жеке қаржылық жоспар құруға, қарыздарды қайта құрылымдауға және несие тарихын жақсартуға көмектеседі. Берілетін кеңестер легі әр адамның нақты қаржылық мәселелерін шешуге бағытталған және қаржыны басқару бойынша практикалық нұсқаулықтар қамтылады.

Құқықтық қолдау адамдарға несиелік келісімшарт пен басқа да қаржылық міндеттемелерге қатысты өз құқықтары мен міндеттерін түсінуге ықпал етеді.

Қаржылық мәселелер көбінесе стресс пен уайым секілді ауыр эмоциялармен қатар жүреді. Жоба адамдарға қаржылық қиындықтардың эмоционалды салдарымен күресуге және стресстік жағдайлардан шығудың жолдарын табуға көмектесетін психологиялық ұсыныстар береді.

## Қанша адам білім алды?

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 65 мың адам жоба аясында білім алды. Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылы бастау алған пилоттық жоба 8 өңірде іске қосылған болатын. Атап айтқанда Алматы, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Жамбыл және Маңғыстау облыстарында. Биыл аталған жоба Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмасына сәйкес 5 ақпанның бастап еліміздің барлық өңірінде қолға алынды.

Осы кезге дейін облыс бойынша 12

ауысым болды, 3342 адамға сертификат табысталды. Өткен сенбінің нәтижесінде қала бойынша 677 адам дәріс алса, жыл соңына дейін 1620 адамды оқыту көзделіп отыр. 1 адам 5 күн оқып, сертификат алады.

Жобаға қатысушылардың 75%-ы әйелдер, басым бөлігі көп балалы аналар. Партия оларға арнайы жағдайды қарастыратынын айтты. Мамыр айының нәтижесі бойынша республика көлемінде қаржылық сауаттылыққа қатысты білім алғандардың 81%-ы ауыл тұрғындары.

2024 жылы қазақстандықтардың 200 мыңнан астамы қаражатты қалай басқару керектігін үйренеді деп күтілуде. Сондай-ақ мектеп, колледж және жоғары оқу орнына арналған оқу құралдары дайындалмақ. Қосымша 100 мың студент, 450 мың жоғары сынып оқушысы қамтылады. Жалпы 750 мыңнан астам қазақстандық қаржылық сауаттылығын арттырады деп күтілуде.

– Биылдан бастап бұл жоба Қазақстанның барлық өңірінде жұмыс істейді. Республика көлемінде 150 қаржы жөніндегі сарапшы халыққа қызмет көрсетеді. Жобаға кез келген азамат қатыса алады. Қатысу үшін тұрғылықты жер бойынша әкімдікке немесе AMANAT партиясының филиалына өтініш білдіру керек. Сондай-ақ qogam.kz сайты арқылы да тіркелуге болады. Қатысу ерікті түрде және ақысыз.

Қатысушылардың қаржылық сауаттылық деңгейін білу үшін қаржы сарапшысы түрлі тәсіл қолданады. Мәселен, мен бір жылдық шығын туралы ақпарат сұраймын. Қатысушылар табыс тапқанымен, шығыстың көп екендігіне мән бермейді. Осы салғырттық әсерінен қалай «минусқа» кіргенін бейхабар болады. Алайда мен ұсынған әдіс арқылы расымен шығын көп екендігіне көз жеткізеді һәм оны болдырмауға тырысады. Келген пайда көзін әр ай сайын дұрыс бағдарлап, есептеп жазып отырмасаңыз, әрине, қаражат жинау мүмкін болмайды. Осы орайда бұл жоба нені ескеру керек, жеке және отбасылық бюджетті қалай жүргізу қажеттілігі туралы ұтымды бағыт-бағдар береміз. Несие немесе депозитті қалай таңдау керектігі, олардың ерекшеліктері туралы ақпараттандыратын боламыз. Сондай-ақ «несиеге байланысты қарыздары бар азаматтар қалай несие жүктемесін азайтуға болады, егер қазір төлем қабілеті болса, оны

қандай тәсілдермен жеңілдетуге болады?» деген сияқты салмақты сауалдарға жауап ала алады.

Жоба аясында білім алғанын дәлелдеу үшін арнайы сертификат табысталады. Ол тек барлық дәріске толық қатысып, біліктілігін жетілдірген жандарға бұйырады. Биыл облыс көлемінде 8 мыңнан астам адамды оқыту жоспарлануда. Қаржы сарапшыларының саны – бесеу. Ақпанның мамыр айына дейін Жаңақорған, Шиелі, Жалағаш, Сырдария аудандарын және қаладағы оқуға ниет білдірген жандардың бәріне дәріс өтілді. Қазір Арал және Қазалы аудандарында сабақ берудеміз. Шілде айында Қармақшы, Байқоңыр аудандарын қамтымақпыз.

Тағы да айта кететін жайт, оқудың соңғы кезеңінде табыстарды арттыру үшін кәсіп ашу жолдарын түсіндіреміз. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысу шарттарын үйретеміз.

«Қарызсыз қоғамның» қаржы сарапшылары қалай таңдалғанына келетін болсақ, бытырғы желтоқсан айында арнайы талапқа сай мамандарды іріктеу жұмыстары жүрді. Алғашқы кезеңнен өткендер үшін Астана қаласында арнайы қаржы саласының маманы, профессор 3 күн сабақ берді. Арнайы тест тапсырдық, сондай-ақ сұхбаттасу кезеңінен де өттік. Тек жақсы нәтиже көрсете білген мамандарды сарапшы болуға лайық деп танып, жобаға үлес қосуға мүмкіндік берді. Іріктеу жұмыстары өте мұқият және қатан түрде бақылауда болды, – дейді «Қарызсыз қоғам» жобасының Қызылорда облысындағы қаржы сарапшысы Балдырған Мәмен.

## Түйін.

Мемлекет экономикалық нарықтағы жағдайды жақсарту үшін көптеген жүйелі жобаны жүзеге асыруда. Соның ішінде «Қарызсыз қоғамның» да жүгі ауыр. Қаржылық білімнің аздығы халқымыздың өсіп-өнуіне бірден бір кедергі, ал осы орайда қаржылық білімнің бір ізді болғаны дұрыс. Бұл жоба Қазақстандағы экономикалық тұрақтылықты нығайтып, қаржылық сауатты қоғам құруға елеулі үлес қосады деген ойдамыз.

Қорлан САРЫ



Жаңғыру мен жаңаруға бет алған қоғамда мемлекеттік қызметке деген сұраныс талабы жыл сайын күшейіп келеді. Бұл ретте Президент бастамасымен кәсіби мемлекеттік аппарат құру және мемлекеттік қызмет аясын кеңейту жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп, тиімділігін таныта бастады. Әсіресе, әрбір қызметті оңтайлы әрі қолжетімді ету бағытында мемлекеттік қызметшілер табанды еңбек етуде.

## ХАЛЫҚҚА САПАЛЫ ӘРІ ОҢТАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ — ДЕПАРТАМЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТЫ

Мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтер уақыт ағымына сай трансформация кезеңін өткеріп келеді. Себебі сан алуан қызмет қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Мәселен, туу туралы куәлікті алудан бастап азаматтың қайтыс болғаны туралы анықтаманы қамту мемлекетпен көрсетілетін қызметтің ауқымды екенін айғақтай түседі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметтің қызметтер туралы Заңына» сәйкес кез келген тұлға мемлекеттік қызметті алуға және қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне белгіленген тәртіппен шағымдануға құқығы бар.

Бұл ретте департамент тарапынан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына ерекше басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті облыс көлемінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган ретінде халыққа қолайлы жағдай жасау, қызмет көрсету процестерін жетілдіру және қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүйелі түрде атқарып келеді.

Биыл департаментке мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша 30-ға жуық арыз-шағым келіп түсті. Шағымдардың 90%-ы жер қатынастары және әлеуметтік қамсыздандыру салаларында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қатысты өрбиді.

Арыздардың қорытындысы бойынша 3 азаматтың шағымында көрсетілген дәлелдер расталып, құқықтары қайта қалпына келтірілді.

Мәселен, сәуір айында Қызылорда қаласының тұрғыны департаментке жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту фактісіне қатысты шағым түсірген.

Аталған іс бойынша департамент тарапынан Қызылорда қаласы әкімі аппаратына, Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөліміне тексеру жұмыстары жүргізіліп, тексеру нәтижесінде Қызылорда қаласы әкімі аппаратымен қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартылғаны анықталды.

Тексеру нәтижесі бойынша департамент тарапынан енгізілген ұсыным негізінде құқықбұзушылықтарға жол бергені үшін Қызылорда қаласы әкімі аппаратының жауапты маманына тәртіптік жауапкершілік қаралып, қала тұрғынының өтініші қанағаттандырылып, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Өз кезегінде, шағымданушыға ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы жаңа мерзімге табысталды.

Атап өту керек, мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі мерзімінде көрсету нәтижесі қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы – мемлекеттік аппараттың тиімділігін бағалаудың негізгі шарты.

Қоғаммен ашық қарым-қатынас орнату және шағымдарды дереу анықтау мақсатында биыл барлық өңірде мемлекеттік қызметтерді алу саласындағы мәселелерді жедел шешуге және қызмет алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу үшін QR-кодтар көрсетілген Telegram арнасы іске қосылды.

Жаңа арна арқылы азаматтар қандай да бір қызметті алу кезінде туындаған проблемалары бойынша шағымдарын ашық жолдай алады. Осылайша, қызмет алушылардың құқықтарын қорғау аясында департамент мемлекеттік қызметтердің қызметтердің сапасын тиісті бақылауға жол ашады.

Біз әрдайым мемлекет мүддесіне сай мемлекеттік қызметтерді көрсету барысындағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының сақталуына ерекше басымдық береміз. Алдағы уақытта да бұл мәселелер департаменттің жіті бақылауында болады.

**Нұржан СҮЛЕЙМЕНОВ,**

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының басшысы

# «ТАҢДЫ ТАҢҒА ҰРЫП ЖЫРЛАЙТЫН ЖЫРАУЛАР ЖОҚ ЕМЕС, ТЫҢДАУШЫЛАР ЖАҒЫ ТАБЫЛА БЕРМЕЙДІ...»



– Ал жоғары оқу орнында бір ұстаздан дәріс алған боларсыздар...

**Хасенхан:** – Қызылордада колледжде білім алған уақытта Еркебулан Омаров дәріс берді. Кейін мен де, Арайлым да колледж бен университетте оқыған 8 жыл ішінде Елмұра Манасқызынан білім алдық. Елмұра Жанабергенованы өнердегі анамыз десек те болады. Сол кісінің тәлім-тәрбиесін, батасын алып, оқуды тәмамладық.

– **Көпшілік оқырман білгісі келетін болар, жырды қандай мақаммен орындайсыздар?**

**Хасенхан:** – Қызылорда облысында жырдың айтылуына қарай бұл өнер Қармақтың, Арал – Қазалы, Жиенбай мектебі болып үшке бөлінеді. Біз Арал – Қазалы мектебінің өкілі болып саналғанымызбен үшеуін де қамтып оқыдық. Қазір мақамдардың түрі өте көп.

Терме бір мақаммен айтылуы керек деген заңдылық жоқ. Бірақ басқасына салуға келмейтін, сөзі мен мақамы үйлескен термелер болады. Айтпақшы, «Канекей, тілім сөйлеш» алғашқыда қалай айтылса, кейін сол мақаммен елге тарап кетті. Басқа мақамға салсаң, мағынасы ашылмағандай, тыңдарманға жетпейтіндей көрінеді. Сол секілді «Өсиет» термесі де өз мақамын тапқан. Кейде бір термені түрлі мақаммен орындайтын кезіміз де болады.

Термеде сөз бен мақам бір-бірімен жымдасып, тыңдаған адам демалып әрі рухани азық алатындай болуы керек. Сол үшін ескіден келе жатқан мақамдарды бұзбай қолданамыз. Бүгінде жыршылардың көбі өсиет, терме шығарғанымен, өзіндік мақамды дүниеге әкелетіндер көп емес.

– **«Даланың дарыны, ананың тәлімі дарығанда»** деп басталатын қыз ұзату әнін қазір күллі қазақ біледі. Келінді де осы әнмен қарсы алатындар көп. Арайлым, бұл әнді айту идеясы қалай туындады? Сөзін кім жазды?

**Арайлым:** – Бірде ауылдағы Назым есімді құрбым ұзатылатын болып, Астанадағы құрбыларымыз Айбала, Айланамен бірге «қандай сый дайындасақ болады?» деген



ойда жүрдік. Әннің сөзін өзгертіп, тойға алып шығу идеясы осылай туындаған болатын.

Арада бір жарым жыл өтіп, мен ұзатылатын кезде айтыскер ақын, университеттегі топ жетекшіміз Еркебулан Қайнарарова сөзін жазғызып, құрбыларым қыз ұзату әнін шырқады. Халық өте жылы қабылдап, бұл ән де сұранысқа ие болды. Мұнан кейін Айдана тұрмысқа шыққанда «Алғыс» әнін орындадық. Туындының сөзін өз өңіріне, отбасына ыңғайлы етіп айтыскер ақын Данияр Алдабергенов жазып берді. Ал «Қызымын елдің бақытын тапқан өнерден» атты әннің сөзін де Данияр ағамыз Айбала ұзатылғанда өзгертті.

Үшеміз де карантин уақытында ұзатылдық. Үй маны, палатканың ішінде өткен той болғасын халық еркіндікті, думанды сағынды деп ойлаймын. Соның да әсері болса керек, той кезіндегі бейнежазба да халыққа кең тарап кетті. Осы әнді орындауымды сұрап, қыз ұзату тойларына шақыратындар аз емес. Бұл әндерді негізінен Қарақат Әбілдина орындайды. Біз бұлай кең көлемде тарап кетеді деп ойламадық қой. Кейін телевизиялық бағдарламада Қарақат әпкенің алдынан өтіп, рұқсатын алып, әнді ол кісі де жылы қабылдаған болатын.

– **YouTube желісінде сіздер орындаған термелер бар. Көбі телевизиялық бағдарлама, жиындарға түсірілген. Дегенмен арнайы жинақталған үлгісі бар ма?**

**Хасенхан:** – Жинақтап, тыңдарманға ұсыну ойда бар. Бұл енді алдағы уақыттың енісінендігі дүние.

– **Сіздерді үлкен сахналардан көргіміз келетіні рас. Бірақ өткен жылы туған жерге, Ақбасты ауылына көшіп келдіңіздер... Ауылда шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік бола ма?**

**Арайлым:** – Хасенхан алты жылдай, мен он жылға жуық Астанада білім алып, сол жақта еңбек жолын бастадық. Кейін елге барып ата-анамыздың жанында болайық, кішкентай ұлымыз ата-әжесінің тәлім-тәрбиесін алысқан деген ниетпен бір жыл бұрын Ақбасты ауылына қоныс аударған болатыбыз. Алдағы уақытта Елордаға оралып, мәдениет саласында еңбек етеміз деген ойымыз бар.

Әзірге ауылда да айналысатын жұмыс жоқ емес. Біз келгенде ауыл балаларына ұлттық өнерді үйрететін ұстаз жоқ екен. Қаладан алыстау болғасын өнер иелері ауылда тұрақтауға қиынсынады ғой. Сол оққылықтың орнын толтырып, кішкентайларға дәріс беруді, жыр үйретуді бастап кеттік.

– **Бойдағы Алла берген дарын ашыла түсуі үшін адам өз-өзіне көмектесуі керек. Жыр жолдарын, мақамдарды ұмытпау, ұлттық өнерді ламыту үшін қалай іздесіңіздер? Бір-біріңізге рухани қолдау көрсететін боларсыздар...**

**Арайлым:** – Екеуміз де бір саланы таңдап, бір жолмен жүріп келе жатқандықтан өзара қолдау қыялы соқпады. Өмірден олжалы болған жеріміз сол шығар.

Шығармашылықты таңдаған қыз бала өнерді түсінбейтін адамға тұрмысқа шықса, оңай болмайтыны рас. Оны өзміздің құрбыларымыздан да байқап жүрміз. Ал Хасенхан екеуміздің бір-бірімізді толықтырып, үйренгеніміз көп болды.

«Өнер 1 пайыз талант, 99 пайыз еңбектен тұрады» дейді ғой. Шынымен де мәдениет саласы үлкен ізденісті талап етеді. Бірнеше мың жолдан тұратын дастандар, көлемді толғаулар бар. Жыршы болғандықтан, оны жатқа білуіміз керек. Сондықтан жадымызды жаттықтыру бірінші орында тұрады. Қазір күйбен тіршілік бар. Жырды жатпай-тұрмай жаттаудамыз деп айта алмаймын. Байқау, концерттерге баратын болсақ, осыған дейінгілерді қайта еске түсіріп, жаңа дүниені үйренеміз.

Бүгінде танды таңға ұрып жырлайтын жыраулар жоқ демеймін. Дегенмен тыңдаушылар жағы табыла бермейді дегуе болады. Бұрынғыдай емес, әлеуметтік желі пайда болғалы адамдар бір дүниені ұзақ тыңдап отыра алмайды. Жыр-дастанның мағынасын түсініп, ішіне кірсен шығуы қиын. Бірақ қазіргідей уақытта адамның соны түсініп, жырға ұны қиындау дүние. Бұл «жыраулық өнер маңызын жоғалтты» деген сөз емес. Қай кезде де ұлттық өнерді ұлықтап, қайта жаңғыртуды, ізденуді, адамдарға рухани азық беруді тоқтатпаймыз.

– **Маңғыстауда 3 жыл бұрын өткен республикалық жыршы-термешілер байқауында Хасенхан бас жүлде иеленсе, жуырда Ақтауда өткен республикалық байқауда Арайлым I орынмен марапатталды. Байқау туралы толығырақ айтып беріңізші. Мұндай шараларға жиі қатысып тұрасыздар ма?**

**Арайлым:** – Иә, үш жыл бұрын Хасенхан кіл мықтылар қатысқан байқауда топ жарып, бас жүлдені иеленген болатын. Ондағы Хасенханның ең бір ұтқан тұсы Сырдың мақамымен қоса Маңғыстаудың да мақамын үйреніп, жырды сол өңірдің жыршыларындай етіп айтуы еді. Мақамына қарап, қай аймақтың термесі екенін бірден білуге болады. Мұндай ізденіс халыққа да, қазылар алқасына да ұнады.

Ал осы айда Ақтауда өткен Ж.Сейтовке арналған республикалық байқауға жастармен қатар орта буын да қатысты. Хасенхан тамағын ауыртып алғандықтан сахнаға шыға алмады.

Бірақ бұл байқауда Алла маған бақ берді десем болады. Ауылға келгені тіршілікке алаңдап, өлен-

жырдан қол үзіп қалғандай болғаным рас еді. Тіпті тоқырау кезеңі десем де болады. Өнер адамдары, әсіресе қыз балалар мұндай жағдайда нәзік келеді.

Шығармашылық ортадан біраз шығып, атмосфераны сезінбей қалса, қолы дөмбыраға бармай, қарайып қалады. Біраздан сахнаға шықпағасын сондай сезімде жүрдім. Бірақ өзімді осы ретте сынап көрейін, өнер жолы менікі болса жеңіспен қайтармын, не бір шешімге келермін деп бекіндім. Бірақ бір айға жуық дайындалған енебіме орай өнерім халықтың да, қазылар алқасының да көңілінен шықты. Батысқа барған осы сапар көңілімізге сұрақты шешіп берді десем де болады.

– **Бұл жеңісіңізге біз де қуандық. Елімізде мәдениет саласының өкілдерін, оның ішінде жыршы – термешілерді қолдау қай деңгейде деп айта аласыздар?**

**Хасенхан:** – Бәйгеде шауып көрмеген аттың жүйріктігі білінбейді. Сондықтан осындай ауқымды іс-шаралар, күн-түн жырлайтын байқаулар, тераниялық жиындар ұйымдастырылуы керек. Өкінішке қарай, ондай дүниелер жағынан Маңғыстау халқына жете алмай тұрмыз. Бізде жыршы да, жырау да, ақын да, орындаушылар да көп. Бірақ мұндай республикалық байқаулар аз. Оларда жыршы аз болғанымен, ауқымды шараларды ұйымдастыру деңгейі жоғары. Біздің олардан, олардың бізден үйренері бар.

Жыршы-жырауларымыздың мерейтойы жай ғана концерт түрінде емес, республикалық деңгейде аталып өтсе деймін. Кеше ғана Жетісген Сейітовтың өзі бар кезінде 70 жас тойын өткізіп, еліміздегі жыршы-жырауларды Батыс өңірге жинады. Біздің аймақта да осылай дәстүрлі өнер иелерінің мерейін өсіріп, үлкен шаралар өткізсе жақсы болар еді.

– **Сұхбат үшін рақмет!**

Сұхбаттасқан Айдана ЖУМАДИНОВА



Дәуір үні іспеттес әрі өнер саласында жүрекке жететін туындылардың дүниеге келуіне өлшеусіз үлес қосатын өнер майталмандарының бірі – композитор. Музыкалық шығарма, әуен, ырғақ, дыбыс арқылы жан дүниені тербейтін Бетховен, Моцарт, Чайковский секілді композиторлар әлемдік музыка мәдениетін байытқанын білеміз.

## СЫРДА ТУҒАН СЫРЛЫ САЗГЕР

Сыр елі – өнер мекені. Ақын да, жырау мен жыршы да, шешен мен ғалым да туған қасиетті өңірде Сыр даласын әсем әуенге бөлеген композитор да бар.

«Жасырмай айтар болсам жан сырымды, Тағдырым қарауылға қанша ілінді. Ерліктің қос қанаты деп білем мен, Аяулы Әлия мен Мәншүгімді».

Қазақ қыздарына арналған гимней болған бұл өлеңнің әнін ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, ҚР Композиторлар одағының мүшесі Рамазан Тайманов жазған.

Бил сазгердің 70 жасқа толу мерейтойына орай бірқатар байқау мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мәселен Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінде «Сырдың сыршыл сазгері» тақырыбында кездесу өтті. Жиында ҚР еңбек сіңірген әртісі Күләш Қалымбетова, дирижер Мүсілім Әмзе, ҚР Мәдениет саласының үздіктері, композитор Сәбит Ұлықпаұлы мен Талғат Нағашыбаев, БАҚ өкілдері және архив қызметкерлері қатысты.

Тағылымды шара барысында Қызылорда облыстық

мемлекеттік архивінің басшысы Жанат Абзалиева алғы сөз сөйлеп, өнер иесін мерейтойымен құттықтады. Сондай-ақ, қонақтар өнер жолындағы естеліктерімен бөлісті. Қатысушыларға арнайы бейнеролик көрсетіліп, Қазанған атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің білім алушылары сазгердің әндерін орындады.

Рамазан Тайманов 1954 жылы Қызылорда облысы, Сырдария ауданында дүниеге келген. 1989 жылы Алматыдағы П.И.Чайковский атындағы музыкалық училищені, 2003 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін тәмамдаған. Өнер әлемінде өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан композитордың 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты шығарған «Қазақ қызы» әні сұранысқа ие өлеңге айналды. 1996 жылы Эстонияда өткен дүниежүзілік балалар шығармашылығы фестивалінде «Қызылорда жастарының әні» атты туындысы таңдаулы деп бағаланып, «Алтын қор» қатарына қосылды. 1997 жылы «Айналайын» фестивалінің гимні ретінде Р.Таймановтың

«Айналайын» әні таңдалған. «Жас қанат» байқауы мен «Азия даусы» фестивалінде «Қазағым-ай», «Қорқыт-қобыз» әндері жұлделі 1-орын иеленіп, ал өзі «Ең үздік композитор» атанды. «Қазақ қызы», «Қазағым-ай», «Боздақтар», «Сыңсу», «Махаббат мұңы», «Махаббат көктемі», «Сен мені іздеді деп кінәлама» әндері республика жұртшылығына кеңінен таныс.

Жуырда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Кәрімова композитор Рамазан Таймановқа құрмет көрсетіп, «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры» атағын табыстаған еді.

Баға жетпес туындыларымен қазақ музыкасының дамуына үлес қосқан Рамазан Сағындықұлының шығармашылығы болашақ ұрпақ үшін де мәңгілік мұра һәм өшпейтін із болары сөзсіз.

Әлия ТӘЖІБАЙ



# ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

**Ұлттық тілдің ұшпаққа шығуы – бүгінгі буынның тікелей міндеті, тіпті парызы десек те артық болмас. Өкінішке орай, тілімізге әлі күнге төрден толық орын тимей келе жатқаны қынжылататыны жасырын емес. Осы орайда көкейімде жүрген мөлтек сырды баяндай кетсем деп едім.**

Менің немерем Гүлбибі Жақсыбай өткен жылы ғана М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжіне ағылшын тілі пәні бойынша грантка оқуға қабылданды.

Таңғалғаным, біздің аймақ жүз пайызға жуық қазақ тілді болғанымен, бұрын қазақ тіліне терең мән бере қоймайтын немеремнің бірінші курсты тәмамдап ауылға келгенде ұлттық тілде сауатты сөйлеп, ұлттық құндылыққа ерекше жанашырлық танытуы еді. Бұған қоса қоғамға, айналасына, ойлы көзқараспен қарап, заманауи бейімделген. Ал немеремнің бұл өзгерісіне себеп болған оқу орнындағы ұстазы Мөлдір Меңдібаева екенін естіп, ұстаз ұстанымы туралы қалам тербегенді жөн көрдім.

Мөлдір Болатбекқызы 1985 жылы Жалағаш ауданының Аққұм ауылында туып өскен. Орта мектепті бітірген соң,

Қызылордадағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша тәмамдап, кейін магистратурада білім алады. Еңбек жолы 2008 жылы Қазақ гуманитарлық-техникалық колледжінде оқытушы болып бастаған. 2015 жылдан бері М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы. Ал бүгінде Мөлдір Меңдібаева менеджерлік, әдістемелік, ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты колледждегі 400-ге жуық студентті, 15 ұстазды қамтыған «шетел тілі» бөлімінің меңгерушісі.

Студенттерге қазақтың құнды, бай сөздік қорын қолдана отырып әсе жаздыртуы, қазақ тілінде мәнерлеп оқу байқауларын, жас ақындар мүшайраларын өткізуі – ұстаздың ұлттық тілге деген ерекше жанашырлығын байқатады. Оқытушының қазақ тілін терең меңгертуге байланысты, аймағымыздың жыраулар жері екендігі туралы 8 әдістемелік кітабы да жарық көрген. Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқыту тәжірибесі мың даналық

тиражен басылып шығып, республиканың барлық өңіріне таратылған. Былтыр ғана республикалық оқытушылар арасындағы шеберлік байқауына қатысып, «IT күзиретті педагог» номинациясын иеленген болатын.

Ел игілігі жолында еңбек етіп жүрген ұстаз өзі қызмет ететін оқу орнының алғыс хаттарымен қоса Қызылорда қалалық, облыстық білім басқармасының алғыс хаттарын, Қызылорда облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасын, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасын иеленген. Отбасында жұбайы Нұрлыбекпен бірге үш қыз тәрбиелеп отырған ұлағатты ұстаз Мөлдір Меңдібаеваға мен де аталық ақ батамды бергенді жөн көрдім.

**Беганым ЖАҚСЫБАЙ,**  
ҚР Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Қазалы аудандық «Жанқожа батыр» мешітінің баспасөз хатшысы

**Сыр өңірінде мәдениет саласы қарқынды дамып, өнер иелері шығармашылық биіктерді бағындыруда.**

# МӘДЕНИЕТ — ҚОҒАМ КЕЛБЕТІ

Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында аймақта халықаралық суретшілер симпозиумы және «Мәдениет – қоғам келбеті» атты республикалық форум өтті.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет туралы өз сөзінде: «Жалпы, ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты. Сол себепті азаматтарымыздың рухы әрқашан биік болуы үшін мәдениетімізге, яғни, руханиятымызға баса мән бергеніміз жөн», – деген болатын.

Форумның басты мақсаты – аймақтағы мәдениет пен өнер саласын дамыта түсу, өнерпаздарымызға жан-жақты шығармашылық қолдау көрсету.

Өткен жыл мәдениет саласы үшін жағымды жаңалықтарға толы болды. Тұңғыш рет мәдениет және әдебиет өкілдеріне қолдау көрсету, шығармашылық адамдарының әлеуетін көтеру мақсатында «Тұран» сыйлығы табысталса, биль да жарқын бастамалар өз жалғасын табуда.

Осынау төл мерекеде шығармашылық жана серпін мен креативті бастамаларға жол ашу бағытында шеберлік сағаттары ұйымдастырылды.

А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде сценарист-режиссерларға арналған «Мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру мен өткізудің ерекшеліктері» тақырыбындағы шеберлік сағатын Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Қарлығаш Әжиева жүргізді.

Шараға 300-ге жуық қала және ауданның мәдениет қызметкері қатысты.

Форумда жырышы – термешілер де назардан тыс қалмады. Жыраулар үйінде жырау, ұстаз Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Алмас Алматыов жырышы-термешілерге арналған «Дәстүрлі өнерді өркендетудің әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы шеберлік сағатын өткізді. Сонымен қатар қала, аудан музыканттарына, вокалды-аспапты, фольклорлық ансамбльдер мен қобызшыларға арналған «Шеберлік шеңбері» тақырыбындағы дәрісті композитор, пианист, музыкалық өңдеуші Сәтжан Шаменов өткізіп, өз тәжірибесімен бөлісті.

Форум «Мәдениет саласындағы креативті менеджмент» тақырыбында журналист-продюсер Қарлығаш Тоғанбаеваның және «Мобилграфия. Мәдени шараны ақпараттандыру» тақырыбында республикада танымал фото-видео менеджер Шырын Нұрмұханованың шеберлік дәрістерімен жалғасты.

Екі күнге созылған шара Өнер орталығында «Қылқаламда мәңгілік ел бейнесі» атты халықаралық симпозиумға қатысушы суретшілердің көрмесі мен Әдебиет және өнер өкілдеріне облыс әкімінің «Тұран» сыйлығын табыстау рәсіміне арналған «Сыр елі – өнер орласы» атты гала концертпен қорытындыланды.

Аймақтағы ауқымды шаралар легі мәдениет саласының дамуына серпін бергені сөзсіз.

**Шынтөмір САЙЛАУОВ,**  
Облыстық Халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюсерлік орталығының маманы



# СҰЛУЛЫҚ ПЕН ӘДЕМІЛІК ӘЛІППЕСІ

**Бұл пәннің басқа пәндерден айырмашылығы жер мен көктей. Мені мен мазмұнына терең бойлай бермейтіндер үшін дене шынықтыру пәнінен оңайы жоқ. Дегенмен дене тәрбиесі – ең басты құндылықтың бірі. Өйткені бойын билей алмаған адам ойын да билей алмайды. Жасынан шынығып шымыр болып өскен ұланды не қиындыққа қайрап салаң да шағымайтын жаңғақтай берік те төзімді болып өржеттеріне оның өз өмірі дәлел.**

Сол себепті бүгінгі білім саласының алдында тұрған маңызды міндеттің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге өзектәсілдерін қалыптастыру. Өйткені оқушының дұрыс өмір салты туралы алған білімі болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Салауатты өмір сүру мәдениеті – табиғи ортамен жан-жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын елі, отбасы мен өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысы. Өрі денсаулықтың үйлесімді дамуының кепілі. Сондықтан балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыруына күш салып, зиянды әдеттерден сақтандырып отыру керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл-ауқатының дамуына мұрындық болады. Сондықтан да ел Президенті азаматтардың салауатты өмір салтын ұстануы дені сау ұлтты қалыптастырудың негізгі шарты екенін айтқан болатын. «Азаматтардың салауатты өмір салты – салауатты ұлтты қалыптастырудың негізгі шарты. Сондықтан бұқаралық және балалар спортына ерекше назар аудару керек. Бұл стратегиялық маңызды бар басым міндет екенін қайталап айтамын», – деді Президент.

Дене тәрбиесі – сұлулық пен әдеміліктің әліппесі. Жалпы, білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани

мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны пайдалану арқылы оқушы жастарды адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу, дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті.

Бұл пәннің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшелігі бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі басты назарда болуы тиіс. Оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан да мұғалім сабақты тартымды етіп, теория мен практиканы ұштастырып, жаңа инновациялық технологиялардың болуын назарда ұстауы қажет. Сабақты жақсы оқытып, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы әдіс-тәсілдер қолдану қажет.

Иә, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

**Медет ӘУЕЛБЕКОВ,**  
С.Әлжіков атындағы №144 орта мектептің дене шынықтыру пәнінің

# ҚАУІПСІЗДІК ҚАПЕРДЕ БОЛУ ҚАЖЕТ

**Телефон – адамзат тарихындағы ең маңызды өнертабыстың бірі. Оның тарихы XIX ғасырдың аяғындағы алғашқы прототиптерден бастап қазіргі заманғы ақыды құрылғыларға дейін жүз жылдан астам уақытты қамтиды. Бүгінде осы байланыс құралы өмірдің кез келген саласында пайдаға асады.**

1876 жылы Александр Грэм Белл телефон құрылғысына патент алды. Оның ойлап тапқан байланыс құралы дыбыстық толқындарды электрлік сигналдарға және қайтадан дыбысқа айналдырды. Екі адамға алыстан сөйлесуге мүмкіндік берді. Ал 1876 жылдың 10 наурызында Белл әйгілі сөздерді айтып, алғашқы сәтті телефон қонырауын жасады: «Мистер Уотсонмен, осында кел, сен маған керексің». Томас Уотсон мен оның көмекшісі басқа бөлмеде болды және бұл сөздерді телефон арқылы естіді. Осылайша технологиялар қарқынды дамып, қазір радио мен теледидардың, кітаптың орнын басуға да қауқары бар құрылғы болып танылды.

Телефонның басты ерекшеліктерінің бірі – уақыт пен кеңістікті қысқартып, адамдарды алыстан байланыстыра алатын қабілетінде. Оның пайда болуы ақпарат алмасуды жеделдететін және әлемдегі адамдар арасындағы байланысып жақсартатын коммуникациялық революцияға әкелді. Сонымен қатар жұмыс, оқу, ойын-сауық және күнделікті өмірді оңтайландырудың таптырмас құралына айналды.

Телефонның артықшылықтарының арасында ыңғайлық пен қолжетімділікті атап өтуге болады. Олардың көмегімен біз ақпаратты оңай таба аламыз, жақындарымызбен етене байланысып, онлайн жұмыс істейміз. Керек десеңіз, қазіргі смартфондар арқылы тіпті денсаулығымызды да бақылай аламыз. Алайда телефондардың артықшылығымен қатар кемшіліктері де пайда болады.

Теріс аспектілердің бірі – тәуелділік. Көптеген адам үнемі хабарламаларды тексеріп, әлеуметтік желілерде уақыт өткізу қажеттілігінен зардап шегеді. Бұл психикалық және физикалық денсаулықтың нашарлауына әкелуі мүмкін. Көздің көру қабілеті нашарлап, семіздік секілді емделуі ұзақ уақыт алатын сырқаттарға шалдығу мүмкіндігі зор. Сондай-ақ телефон бетпе-бет қарым-

қатынаста қиындық тудырады. Бұл тұлғааралық қатынастардың сапасын төмендетеді. Яғни, адам үшін өмірде қоғаммен байланыс орнату қиынға соғады.


Деректердің құпиялығының тарап кетуі ықтималдылығы жоғары. Бұл да бір зиянды аспект. Қазір алаяқтықтың белең алған сәті. Жеке ақпаратты хакерлер мен зиянкестерден қорғау бүгінде қиындық тудырып отыр.

Қазір смартфон жарылып, адамдардың күйіп қалып жатқаны туралы ақпарат көп. Ұялы телефон жарылмас үшін оны қалай дұрыс пайдалану керек? Мамандардың айтуынша, смартфонның жарылуына басты себеп – телефон батареяларының сапасыз болуы. Сапасыз телефон артық зарядталып тұрса, оның батареясы қызуы мүмкін. Ал қызып кетудің негізгі себебі – батареяның бір уақытта қуатталып әрі қуат бөлуі. Батарея қызуы неғұрлым жоғары болса, салдары соғұрлым жағымсыз жағдайларға апарды. Мәселен, батарея немесе телефон еріп, смартфон иесінің қолында тұрып жарылуы және тұтынушының дене мүшелеріне зақым тигізуі ықтимал.

Сондай-ақ ұялы, телефондағы ең басты құрылғының бірі – «плата». Егер одан ақау шыкса, телефон жарылу қаупі ұлғаюға түседі. Сол себепті ұялы телефон қуат көзіне қосылып тұрғанда пайдаланбаған жөн. Телефон жөндеу ісінің шебері смартфонды тоқта 4 сағаттан артық қуаттандырмау керектігін ескертеді.

Жағымсыз жақтарына қарамастан, телефон қазіргі өмірдің ажырамас бөлігі болып қала береді. Оны зиянды десек те, адамзат өмірін жеңілдететін қасиеттерінің көп екенін жоққа шығара алмаймыз.

**Маржан ӘУЕЗХАНОВА,**  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



Нұрсұлтан АЛТЫНБЕК:

# БОКС – ЕРІК-ЖІГЕРІҢ ШЫҢДАЛАТЫН СПОРТ

Бокс аренасында ешкімге есе жібермейтін сырбойылық спортшы Қазақстанның атын әлем жұртшылығына танытуда. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұрсұлтан Алтынбек осы кезге дейін 23 жасқа дейінгі ерлер арасында 3 дүркін Азия чемпионы атанып үлгерді. Бұл – қазақ боксшыларының арасында бұрын болмаған жетістік.

– Нұрсұлтан, Астанада өткен Азия чемпионатында қарсылас шақ келтірмей, финалда монғолдық боксшыны 5:0 есебімен жеңдіңіз. Осы жарыс туралы толығырақ айтып беріңізші, қарсыласты алдын ала зерттейсіз бе?

– Чемпионат Қазақстанда өткендіктен үлкен жауапкершілік жүктелді. Өткен жылы азиялық боксшылардың басын қосқан бұл жарыс Тайландтың Бангкок қаласында ұйымдастырылған еді. Финалда филиппиндік боксшы Флинт Джарадалан басым түсіп, алтынға қол жеткізген болатынмын.

Жыл өткен сайын тәжірибе жинақтап, шыңдала түсетініміз рас. Дегенмен әр сайын алдындағы жауапкершілік пен дайындық бірдей. Босануға болмайды. Сондықтан Елордада өткен бәсекеге де ерекше дайындалдық. Жарысқа ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ҚР бокс федерациясының бас бапкері Мырзағали Айтжанов пен жеке бапкерім Жәміл Жүсіп дайындады.

– Бұрын БАҚ-қа кеңінен сұхбат бермеңіз. Өзіңізді оқырманға танытырып өтсеңіз... Қайда дүниеге келдіңіз? Бала кезден-ақ спортқа қызықтыңыз ба? Алғашқы бапкеріңіз кім болды?

– Қызылорда қаласында туып-өстім. Бала кезімде өзімнен құрдас жиеніме еріп бокс үйірмесіне барып, осы спорттың ережесін менгере бастадым. Бокс – күш сынасатын ғана емес, ерік-жігерің, төзімділігің шыңдалатын спорт. Жаттығу алаңына жиі келуіме, жылдар өткен сайын осы спортқа бейімделіп, әр жарыс сайын шыңға түсуіме алғашқы бапкерім Жаңабек Әлиев көп еңбек сіңірді. Жаттықтырушымен бірге талай жарысқа барып, жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері, жастар арасында Азия чемпионатының жеңімпазы атандым.

– Білуімізше, қазіргі бапкеріңіз – Жәміл Жүсіп. Дайындықтарыңыз Қызылордада өте ме? Күніне қанша уақытыңызды жаттығуға арнайсыз?

– Иә, қазіргі уақытта жарыстарға Жәміл ағай дайындауда. Жаттығуға аптасына алты мәрте келуге дағдыланғанбыз. Күніне бір мезгіл тыңғылықты жаттығамыз. Ал жарыс басталар алдындағы оқу-жаттығу кезінде күніне екі мезгіл келіп, шеберлігімізді шындаймыз.

– Бокста көзге нәтижеге жету үшін қай нәрсеге басымдық беру керек? Өзіңізден кейінгі спортшыларға қандай кеңес бересіз?

– Әрине, ақыл айтар жасқа немесе жетістікке жеттік деп ойламаймын. Дегенмен кез келген жарыста оқ бойы озып шығу үшін еңбек пен өз-өзіңді қамшылайтын намыс керек. Сенім артқан ата-ана мен жаттықтырушылардың үмітін ақтауға барынша күш саласың. Ал шетелдік спортшылармен сынға түскенде алдымен туған елдің абыройын ойлап тұратынымыз рас.

– Осы кезге дейін еліміздегі бөлек, бірқатар шет мемлекеттегі чемпионатқа қатыстыңыз. Боксшы ретінде қанша елге бардыңыз, қай спортшымен кездесу ерекше есте қалды?

– Оңға жуық мемлекетте өткен спорттық жарысқа қатысыппын. Чемпионаттар өзгеріп тұрғанымен барлығында көздейтініміз қарсыластан басым түсіп, жеңіске жету. Сондықтан мына қарсыласпен кездесу ерекше болды деп айта алмаймын.

– Алда қандай жарысқа дайындалудасыз?

– Алла қаласа көздеген мақсатымыз



өте көп. Осы жылдың соңында өтетін Азия чемпионатына және халықаралық турнирлерге қатыспақпыз. Келесі жылы Әлем чемпионаты бар. Қазір байрақты бәсекеге тыңғылықты дайындық үстіндеміз.

– Сұхбаттасқаныңызға рақмет!

Әңгімелескен  
Айдана ЖҰМАДИНОВА

## ШАХМАТ КАБИНЕТІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУ БАРЛЫҒЫН ӨЗГЕРТТІ

**Риза ҚОШҚАРОВА,  
шахматтан аға жаттықтырушы:**

Қарапайым ойыннан спорт пен өнер сатысына жеткен интеллектуалды сайыстың бірі – шахмат. Бұл сала Қазақстанда жетекші спорттың біріне айналды. «Корольдер алаңында» біліктілігімен көзге түскен гроссмейстерлер көбеюде. Әлемдік аренада бақ сынап, жеңіс төрінен көрінген жерлестеріміз бар.



ойлау қабілетін дамытады. Менің ойымша, 3 жастан бастап балаға логиканы дамытатын ойындар, санамақ, бояу дәптерлерін үйрету қажет.

Әсел мен Назерке №136 мектепте оқитын. Мен де дәл осы білім ордасында болашақ шахматшылар командасын жинақтау үстінде едім. Шахмат кабинетіндегі алғашқы кездесу барлығын түбегейлі өзгертті. Қыздарға барлығы ұнап, сабақтан мүлде қалмайтын еді.

Әсел шахматқа 2008 жылы келді. Ол кезде небәрі алты жасар қыз еді. Шахматқа қызығушылығының арқасында сол жылы Қарағанды қаласында өткен Дәрмен Садуақасов атындағы кубокта бақ сынап, ең жас қатысушы атанды. Ал 2009 жылдың наурызында 8 жасқа дейінгі балалар турнирінде қола жүлдегер атанды. Арада 2 жыл өткеннен кейін Әсел Қазақстандағы 8 жасқа дейінгі балалар арасындағы бәсекеде классика, рапид және блиц бойынша үш алтын медаль жеңіп, чемпион атанды. Осылайша Грециядағы әлемдік додаға жолдама алды. 81 қатысушы бақ сынаған ақыл-ой спортында біліктілігімен үздіктер қатарынан көрініп, 3-орынды жеңеледі.

Қызу дайындықтың арқасында жас шахматшы қызымыз 2011 жылы әлем чемпионы атанды. Румыния, Шри-Ланкада өткен жарыста 2-орын алса, 2018 жылы Грецияда әлем чемпионы мәртебесін иеленді.

Алты жасынан бастап шахматты менгерген Назерке 8 жасында Қазақстан чемпионы атанды. Ол – шахматтан жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының 16 дүркін чемпионы, әйелдер арасындағы рапид және блицтан 2 дүркін Қазақстан чемпионы, қыздар арасындағы Әлем чемпионы, Үндістандағы шахмат Олимпиадасының қатысушысы, 20 жасқа дейінгі Азия чемпионы, спорт шебері.

Қыздар әлем, Азия чемпионы болу жолында тер төкті. Әсел мен Назеркеде екі екіден гроссмейстер ұпайы бар. Ендігі кезекте тек біреуі қалды. Биыл аяқтайтынымызға сенеміз.

– Сіздің ойыңызша, мықты гроссмейстер болу үшін не істеу қажет?

– Бұл салада мықты маман болу үшін үздіксіз әрі жүйелі түрде дайындалу міндетті. Бұл уақыт пен көп жаттығуды талап етеді. Ал гроссмейстер лауазымын алу үшін физикалық белсенділікті арттырумен қатар турнирлерге көп қатысу қажет. Гроссмейстерлер қатысатын үздік турнирлерде перформанс 2450 болуы керек, 9 ойыннан тұратын сайыста 4 гроссмейстермен кездеседі. Бұл, әрине, оңай емес.

– Қызылордадағы шахматтың болашағы қандай?

– Сыр өңірінде Қазақстан чемпионатында 1-орын алған чемпион ұлдар бар. Олар – Ақылжан Мейірханұлы мен Ернұр Ержанұлы. Жас шахматшылар Қазақстан атынан Бразилия және Италияда өтетін әлем чемпионатына қатысу құқығын жеңіп алды. Сондай-ақ, Қызылорда облысының атынан қатысатын Аңсат Алдияр 2023 жылғы ерлер арасындағы Қазақстан чемпионы. Биыл «жыл спортшысы» атағын иеленді.

Өңірдегі, аудандардағы спорт мектебінде, сонымен қатар қалада «Чемпион», «Мерей» секілді шахмат үйірмелері бар. Қазіргі уақытта қатысушыларды Әділет Ерсерік, Мейржан Бармағамбетов, Үсен Махамбетов, Бекболат Мизанбаев есімді жаттықтырушылар дайындайды.

– Ақтөбе қаласында ұйымдастырылып жатқан байқау туралы айтсаңыз. Өңірден кімдер қатысуда?

– Дәл қазір Аркадий Дварковичті еске алу мақсатында «Aktobe Open – 2024» халықаралық турнирі және ардагерлер арасындағы Қазақстан чемпионаты өтіп жатыр. Бұл байқауға біздің ең мықты спортшыларымыз – Ақылжан Мейірханұлы, Нұрсәт Оспан, Қаусар Али, Олжас Азатжанұлы, ал ардагерлер турниріне Тимур Қасымов, Ғалымжан Ибраев, Барат Жетпісбаев қатысуда.

– Шахматшыларға сәттілік тілейміз! Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан  
Әлия ТӘЖІБАЙ

## ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ



Қызылорда қаласындағы Жалаңтөс бабадур көшесінің бойында орналасқан «Шұғыла» спорт кешенінің ашылу рәсімі өтті.

Салтанатты жиында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындарды құттықтап, спорт саласындағы жетістіктерге тоқталды.

Рәсімде жаңа спорт кешенін ашып, жастар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлес қосқан «Нұрай» ЖШС директоры Сейітқали Алшынбаев облыстың ең жоғары наградасы «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Іс-шарада мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы сөз сөйлеп, жерлестерін жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

Спорт кешенінің жалпы ауданы – 2700 шаршы метр. Онда таэквондо, хореография, үстел теннисі, футбол, волейбол, баскетбол, қазақша күрес, шахмат, тоғызқұмалақ үйірмелері болады. Аумағында шағын футбол алаңы және автотұрақ бар.

## ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ФИНАЛДА



Филиппин астанасы Манила қаласында волейболдан әйелдер командалары арасында өтіп жатқан «AVC шақыру кубогі» турнирінде Қазақстан құрамасы финалға жолдама алды.

Команда қыздары жартылай финалда филиппиндіктерді 3:0 есебімен жеңді. Ал II жартылай финалда Вьетнам командасы Аустралияны тізе бүктірді. Ендігі кезекте Қазақстан мен Вьетнам құрамасы соңғы бәсекеде «Сегіздік финалына» берілетін жолдама үшін бақ сынаиды.

## АЛЕКСАНДР БУБЛИК КЕЛЕСІ АЙНАЛЫМҒА ШЫҚТЫ



Парижде өтіп жатқан Роллан Гаррос турниріне Қазақстан атынан Александр Бублик қатысуда.

Қазақстандық теннисші алғашқы айналымда дүниежүзілік рейтингіде 112-орында тұрған франциялық Грегуар Баррермен бетпе-бет келіп, 6:4, 7:5, 6:3 есебімен үш сетте жеңіске жетті. 2 сағат 15 минутқа созылған бәсеке барысында ол 11 әйспен бірге 16 брейк-пойнттың жетеуін пайдаланды. Нәтижесінде турнирдің келесі айналымына өтті. Қазақстанның бірінші, әлемнің 17-ракеткасы Александр Бубликтің келесі қарсыласы – әлемнің 41-ракеткасы, германиялық Ян-Леннард Штруфф.

«АЖ» ақпарат

# БРЕНДТІК ӨНІМ:

## МИЛЛИ NFA

### алар ма едіңіз?

Жуырда елімізге белгілі айтыскер ақын, қоғам белсендісі Айнұр Тұрсынбаева туған күнінде 35 мың доллар тұратын «Hermes Birkin» сөмкесін сыйлыққа алғаны туралы әлеуметтік парақшасында бөліскен еді. Сөмкенің бағасы қазақстандық валютамен 15 млн теңге.

Алайда «ұнамады, оның орнына мұқтаж жанға пәтер әперуге болатын еді» деген ол брендтік өнімдерге қызығушылығының жоқ екенін атап өтті.

Бұл – тек Айнұр Тұрсынбаеваның пікірі. Дегенмен құны қымбат дүниеге қызығатын жастар аз емес. Брендтік киім мен аксессуар қанша тұрады өзі? Материалда жұлдыздардың бір күндік образына шолу жүргізіп көрдік.

#### Мерилин Монроның көйлегі қаншаға бағаланды?

Lyst аналитикалық платформасының сарапшылары сән әлеміндегі ең танымал брендтер мен өнімдердің тоқсан сайынғы рейтингін жариялады. Рейтинг нәтижесі бойынша 2023 жылдың соңғы кварталында италияндық Prada бренді топ жарып шықса, 2024 жылдың басынан бастап испандық Mu Mu танымалдылыққа ие. Алғашқы ондыққа сәнқойларға арналған Bottega Veneta, Moncler, Saint Laurent, Versace, Jacquemus, Burberry, Valentino, Skims және UGG бренді кірді.

Айта кетейік, Skims және UGG брендтері сән әлеміне инфлюенсерлер арқылы енген, олар люкс бренд болып саналмайды.

Неліктен көпшілік брендтік өнімге қызығады? Былай алып қарасақ, айрықша пайдасы жоқ, тек қымбат тұрады демесен, базардағы киім мен заттан айырмашылығын байқамайсың. Дегенмен брендтік өнімдер имидж бен «дәреженді» көтермелейді. Сән әлемінде әзіндік стилінді табуға, публика өзінде танылуға һәм сол затты жарнамалауға, іскерлік қарым-қатынас құруына, сондай-ақталғанды қалыптастыруға бейімдейді. Көп жұлдыздың қызығушылығын оятың да осы құндылықтар.

Қазір сән-салтанаты жарасқан іс-шара көп. Мәселен, жыл сайын ұйымдастырылатын америкалық Met Gala, киноиндустрия жұлдыздарының жарқырай көрінетін сәті «Оскар» марапатау кеші, сән әлеміндегі азуы алты қарыс алғауыт брендтері ұйымдас.

тыратын кештер. Ендеше салтанатты мейрамда килген ең қымбат киімдер туралы атап өтсек.

Қызыл кілемде килген ең қымбат киім – актриса Мэрилин Монроға тиесілі. Ол әйгілі көйлегін 1962 жылы Джон Кеннедиге арнап «Туған күнініңбен құттықтаймын, Президент мырза» әнін шырқағанда киген. 2016 жылы аукционда құны 4,8 миллион долларға бағаланып, сатылды. Келесі танымал және қымбат деп есептелген киімдер мына жұлдыздарға тиесілі:

Николь Кидманның көйлегі. 1997 жылы «Оскар» рәсімінде ол Christian Dior көйлегін киді, оның құны шамамен 2 миллион долларды құрады.

Кейт Бланшеттің көйлегі. 2014 жылы «Оскар» сыйлығын алу кешінде ол Armani Privé көйлегін киген, құны шамамен 100 000 доллар деп бағаланған.

Люпита Нионго көйлегі. 2015 жылы «Оскар» рәсімінде актриса Кальвин Клейннің 6000 інжумаржанмен көмкерілген көйлегін киді, оның құны 150 000 долларға бағаланды.

#### Бір күндік образ – 43 млн 670 мың теңге

Отандық танымал шоу-бизнес өкілдеріне бет бұрсақ Баян Алағөзованың қызы Айсауле Бакытбектің образына талдау жасап көрейік. Оның үстіне киген ақ түсті көйлегінің құны 500 мың теңге, саусағындағы гауһар таспен көмкерілген сақинаның бағасы 10 млн теңге. Одан бөлек образын толықтыру үшін таққан әшекейлері Van Cleff, Bulgatti атты ерекше танымалдылыққа ие брендтерден тұрды. Сырға, сақина, сағат, білезік секілді бұйымдардың жалпы бағасы 14 млн теңгеге жуық. Сондай-ақ Dior брендинің сөмкесін ұстаған еді, оның құны 2 млн теңге. Сол күні киген образдың соммасы 26 млн 800 мың теңгені құрады. Құлағына тұрпайы боп естілетін бұл бағалы образдың орнына үй алуға болатын еді деп пікір бөліскен әлеуметтік желі қолданушылары Айсауле Бакытбектің өміріне қызығып та, оны образының құны үшін сынап та жатты.

Әлемдік шоу-бизнеске танымал жұлдыздардың бір күндік образы біреудің бір жылдық табысына тең. Мәселен, ресейлік репер Тиматидің бір күндік образының бағасы 43 млн 670 мың теңге болды. Америкалық әнші, репер, инфлюенсер Рианның бір күндік образы 375 млн теңге болып есептелді. Ал қазақстандық жұлдыздар да бұдан қалыс емес. Мәселен, блогер Айлина Иманованың бір образы 107 млн теңгені құрайды, белгілі әнші Қайрат Нұрғастікі 8 млн 830 мың теңге болса, бизнесмен Дамелия Sweet-тің бір күндік киімі мен аксессуары 11 млн 750 мың теңгені құрады. Бұл тек брендсүйер қауымның кішкене бөлігі ғана, аты аталмаған жұлдыздар саны онсыз да көп.

Қымбат киім, бағалы әшекей бұйым алуы ысырап көретін, сынайтын халық өмірдің кай кезеңінде болған. Дегенмен жоқпын дегенге жоқшылық, тармын дегенге таршылық деп қол қусыруға болмайды. Біреудің бақытын қызғанып, өз бағытыңдан жаңылмағаныңыз абзал. Материалды бай бола тұра рухани кедейліктің зардабын шегуге болады. Ал сіз, кәдірлі оқырман, миллион теңгеге брендтік өнім алуға қалай қарайсыз

Қорлан САРЫ



## 60 ЖАС ОТБАСЫ

### ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

2022 жылы Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойына орай облыста арнайы тың жоба қолға алынған еді. Бұл бастама – үйлі болғысы келетін жастарға жаңа үміт отын сыйлады. Өткен аптада қаланың сол жағалауында 60 пәтерлік тұрғын үй халық игілігіне табысталды. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және қала әкімі Серік Қожанизов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, ардагерлер, «Дәнекер» ЖШС басшысы Әбдімәжит Жансақалов, жауапты сала басшылары және тұрғындар қатысты.

– Жастарымызды сапалы білім, жұмыс және баспанамен қамту мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Жас отбасылар үшін ең өзекті мәселенің бірі – баспана. Осыны ескеріп, 2022 жылдың желтоқсан айында өткен облыстық жастар форумында алғаш рет несиелендіру жолымен «Сыр жастары» бағдарламасын жүзеге асыру туралы шешім қабылданған болатын. «Отбасы банк» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру үшін облыстық бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлінді.

«Сыр жастары» – аймақ жастарын баспанамен қамту бағытында қолға алынған өңірлік тың жоба. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген сөз бар халқымызда. Бағдарламаны бірлесіп жүзеге асыру үшін «Отбасы банк» АҚ 500 млн теңге қаржы бөлді. Бүгінгі қоныстой – осы бірлескен жұмыстың жемісі.

Мемлекетіміздің тұрғындарға жасаған қамқорлығы мен ұсынған мүмкіндіктерінің арқасында әр азамат өз шаңырағының иесі атануда. Өткен жылы аймақта 4108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынды, 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғын қоныстой тойлады, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысының айтуынша халықтың жайлы тұрмысына оң әсер ететін бұл жұмыстар биыл да жалғасуда. Бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд теңгеге 1 269 пәтерлік 67 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіледі. Оның ішінде 350-дей пәтер аудандарға тиесілі. Жыл басынан бері 402 отбасы баспана бақытына кенелді. Тағы бір қуанышты жаңалық, дүйсенбі күні облыс әкімі Тасбөтет кентінде бой көтерген қонкабатты үйдің кілтін 150 отбасыға табыстады.

Еске сала кетейік, ипотекалық несие беру бағдарламасы 18-35 жасқа дейін азаматтарға арналған еді. Несиелеу мерзімі – 19 жыл, жарна 5%-ды құрайды. Бағдарлама арқылы медицина, білім, мәдениет, қаржы, спорт, ЖОО және ҒЗИ, журналистика, әлеуметтік сала мамандары, Ұлттық холдингтер мен компаниялардың жергілікті филиалдары, екінші деңгейлі банктер, құрылыс, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласының мамандары да өтінім білдіруге құқылы болды. Баспаналы болғандар қатарында ұстаздар, медицина, мәдениет және спорт салаларының қызметкерлері, журналистер бар.

Өңірдегі құрылыс жұмыстары мұнымен тоқтап қалмақ емес.

«АЖ» ақпарат

## ФОБИЯҢЫЗ БАР МА?

Фобия – адамның белгілі бір жағдайдан, объектен немесе іс-әрекеттен қорқуы. Кейбір фобиялар баршаға ортақ болса, кейбірі қызықты болып көрінеді. Әлемде кездесетін ең қызықты фобия түрлерімен танысып өтсек.

«Фобия» терминін австриялық дәрігер және психиатр Зигмунд Фрейд енгізген. Ол бұл терминді адамдарда кездесетін қорқыныштарды сипаттау үшін пайдаланған. Фрейд пациенттерді емдеу барысында ерекше және негізсіз қорқынышы бар адамдарды жиі кездестірген.

Айталық, адамдардан қорқатын фобия түрі бар екенін білдіңіз бе? Мұндай ерекше фобия түрі «антропофобия» деп аталады.

Деректерге сүйенсек, әлемде шамамен 400-900 млн адамның фобиясы бар. Мәселен, аэрофобия – ұшаққа ұшудан қорқу. Бұл фобияның таралуы 2.5% көрсеткішті құрайды.

Аракинофобия – өрмекшіден қорқу. Таралуы 3-15% көрсеткіш. Ал глоссофобия – қоғам алдында сөйлеуден қорқу. Бұл фобия түрінің таралуы 15-30% көрсеткішті көрсетеді. Акрофобия – биіктіктен қорқу. Таралуы – 8.7%.

Бұл фобиялар – адамдар арасында кеңінен етек алған және жиі кездесетін қорқыныштың бірі.

Тағы бір қызықты фобия түрі – «Номофобия». Номо-

фобия – мобильді телефонсыз қалу немесе байланыссыз болудан қорқу. Бұл фобия жастар мен жасөспірімдердің арасында жиі кездеседі. Жалпы бұл қорқыныштың пайда болуына өзіміз қолданатын әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді дәлел ретінде атап өтсек болады. Бүгінде адамдар әлеуметтік желі арқылы алыс немесе жақын маңдағы жандармен кез келген уақытта еш кедергісіз байланыса алады. Егер сәл уақытқа әлеуметтік желілерді қолданбай, ақпарат көздерімен байланыссыз қалса, бұл жағдай номофобияның тууына себеп болады.

Тағы да қызықты қорқыныш – тетрафобия. Бұл 4 санынан қорқу. Мұндайда адамдар саннан қорқалды, әсіресе 4 санын көрсе, өзін мазасыз сезінеді.

Ал венустрофобия – әдемі әйелдерден қорқу. Осы қорқыныштың арқасында «өте әдемі емес» әйелдердің де тұрмысқа шығуға мүмкіндігі бар. Тек осындай жанды тапсаңыз болғаны.

Гипопотомонстрессквипедалифобия – өте ұзын атына қарап, бұл ұзын сөздерден қорқу екенін түсінуге болады.

Дорафобия – жүні бар жануарлардан қорқу.

Педиофобия – қуыршақтардан қорқу. Тек келбеті қорқынышты емес, барлық түрдегі қуыршақтарға деген қорқыныш.

Агиорофобия – кез келген түрдегі жолдан өтуге қорқу. Мұндай жандар қалада тұра алмайды.

Әлемде қызықты әрі ерекше, адам атын естісе қорқатын фобия түрі көп. Мұндай үрей жан-жануарлар және қоршаған ортамен байланысты.

Адамдар қорқып өмір сүруі үшін емес, бойларында туындаған қорқынышын жеңу үшін өмір сүреді. Сондықтан фобияны жеңуге болатынын ұмытпаған жөн.

Ал құрметті оқырман, сіздің бойыңызда үрей туғызатын фобия бар ма?

Ақбота СЕЙТҚАСЫМОВА,  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің

